

Дарбаева Г.С.

ҚР ПІБ МО «Қарлығаш» балабақшасы, Нұр-Сұлтан қ.

## **«МЕРЕКЕЛІК ТЕЛЕШОУ» 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН ЕРТЕҢГІЛІК СЦЕНАРИЙІ (ОРТАҢҒЫ ТОПТОР)**

*Музыка ырғағымен ұлдар залға кіреді.*

1 бала: Бүгін бізде мереке, бәрің бері келіңдер!

2 бала: Әдемі көйлек киінген, қыздарымызды көріңдер!

3 бала: Тамашалап өнерді, ғажап куйге еніңдер!

4 бала: Қол соғайық аруларға, қыздар ішке еніңдер!

*Қыздар көңілді әуенмен билеп кіреді, бәрі бірге билейді.*

**1бала:**

Көктем келді бүгін

Күннің төкті нұрын

Сайрап барлық құстар

Ән салуға құштар

Түрлі-түсті әйбат

Гүлдер шықты жайнап

**2 бала:**

Көктем ,көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде

Қуанып бір қаламыз

Әнмен қарсы аламыз

**«Көктем келді» әні**

*Балалар екіге бөлініп орындарына отырады.*

**1 бала:** «Самұрық» тобының мерекелік телешоу бағдарламасына көңіл аударыңыздар!

**1 Бейнетаспада «Хабар» бағдарламасы**

**Тілші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермендер! Бірінші арна өзінің хабарламасын бастайды. Күнтізбе жаңалықтар. Бүгінгі барлық балалар

аналарын, әжелерін құттықтап, сыйлықтарын беруде. Бүгінгі бағдарламамыз 8 наурыз аналар күніне арналады.

### **Тақпақ**

Гүл көтеріп көшеде жайраңдаймыз,  
Самалы боп көңілдің сайраңдаймыз  
Сегізінші наурыздың көктем тойын  
Аналардың тойы деп мейрамдаймыз

Шалқып ,тасыл әніміз  
Жадырасын жанымыз  
Ана сізді құттықтап,  
Әндетеміз бәріміз

**«Анашым, анам» әні.**

### **2 Бейнетаспада «Ауа райы» бағдарламасы.**

**Тілші:** Қайырлы күн! Бүгінгі ауа райымен таныс болыңыздар. Бүгін Қазақстанымыздың Шығысында күн күлімдеп шығып, нұрын аямай себуде. Батыс Қазақстанда барлық қар еріп, бәйшешектер бүр жарыпты. Оңтүстікте бау- бақшалар жайқалып, алғашқы жемісін беруде. Солтүстікте де қар орталып, құстар ән салуда. Жалпы биыл Қазақстанның барлық аймағында ,көктем аналар мерекесімен бірге ерте ояныпты.

**«Бәйшешектер» биі.**

### **3 Бейнетаспада «Сән үлгісі» бағдарламасы**

**Тілші:** Құрметті көрермендер! Эфирде «Сән үлгісі» бағдарламасы.

Сіздердің назарларыңызға «название группы» тобы шеберлерінің көктемгі топтамаларын ұсынады. Биылғы жылда ашық түстер мен бірге, жарқын көңіл-күйлер қатар жүреді.

### **Дефиле**

### **4 Бейнетаспада «Хэлоу, балапан» бағдарламасы.**

**Тілші:** Good afternoon. You are welcomed by the preredacha" Hello, balapan».

**«I love my mommy» әні**

### **5 Бейнетаспада «Смак» бағдарламасы**

**Тілші:** Ал енді біз сіздерге эфиріміздің ең тәтті бөлігі **«Ас болсын!»** бағдарламасын ұсынғымызкеліп отыр. Бұл бағдарламада дәмді, әрі тойымды, әрі қатысушылар жақсы көреді ойынды.

### **Ойын «Бауырсақ»**

(Эстафета. Балалар екі топқа бөлініп, кезегімен үн,қант,май,жұмыртқа,сүт әкеледі. Әкелер оны алып араластырып қамыр илейді. Әкелер қамырды әкетіп бауырсақты әкеледі)

### **6 Бейнетаспада «Әйел бақыты» бағдарламасы**

**Тілші:** Құрметті телекөрермендер! Біздің мерекелік бағдарламамыз жалғасуда. Эфирде **«Әйел бақыты»** бағдарламасы. Бүгінгі тақырып **«Асыл әже»**.

Тақпақтар:

Немере деген балдайды

Сүймей бір құмар қанбайды

Бұл сөзіме аналар

Әже болмай нанбайды

Әжемді мейрамымен құттықтаймын

Айтатын ән, беретін гүлім дапйын

«Әжетай, сені жақсы көремін» деп

Ақырын құлағына сыбырлаймын

**«Әже» әні**

**Жүргізуші:** Біздің телешоу өз мәресіне жетті, бірақ біздің мерекеміз жалғасуда.

**«Анашым» биі**

Бидің ортасында балалар аналарына сыйлық сыйлайды.